

Ауылдық жерде жұмыс істейтін білім берудің педагог қызметкерлеріне коммуналдық қызмет көрсетулерге шығыстарды жабуға және тұрғын үй-жайларды жылдыту үшін отын сатып алуға біржолғы ақшалай өтемақы белгілеу туралы

## *Күшін жойған*

Алматы облысы Ақсу аудандық мәслихатының 2015 жылғы 26 ақпандағы № 39-245 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2015 жылы 17 наурызда № 3100 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Ақсу аудандық мәслихатының 2020 жылғы 22 қыркүйектегі № 66-289 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Ақсу аудандық мәслихатының  
22.09.2020 № 66-289 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап  
қолданысқа енгізіледі).

## Р К А О е ск е р т п е с и .

Құжаттың мәтінінде тұпнұсқасының пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының  
53-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, Ақсу аудандық мәслихаты  
**ШЕШІМ** **ҚАБЫЛДАДЫ:**

## ШЕШІМ

## ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ақсу ауданының ауылдық жерде жұмыс істейтін білім берудің педагог қызметкерлеріне коммуналдық қызмет көрсетулерге шығыстарды жабуға және тұрғын үй-жайларды жылдыту үшін отын сатып алуға бюджет қаражаты есебінен бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерде біржолғы ақшалай өтемақы белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ақсу аудандық мәслихаттың "Бюджет, әлеуметтік-мәдениет салалары, жастар саясаты, занылық және құқық қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына" жүктелсін.

3. "Ақсу аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысына (келісім бойынша Қ.Т.Бекбаланов) осы шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген интернет-ресурста және аудандық мәслихатының интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және  
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК